

- бүкіл университет бойынша сапаны бақылау, мұнда тек білім беру қызметтерінің сапасын ғана емес, сонымен қатар барлық іс-шаралардың да сапасын қамтиды;
- жұмысты стандарттау, пәндер мен оқыту үрдісін жақсарту кезінде алынған нәтижелерді тұрақтандыру және қолдау.

Ол білім беру жүйелерін басқару теориясы мен әдістерін, түрлі мәселелер себептерін диагностикалау технологияларын, олардың алдын-алу және шешуді, кеңсе бағдарламаларымен жұмыс жасауды, экономика, әлеуметтану негіздерін білуі керек, сонымен бірге оқу орнының қаржылық-шаруашылық қызметін, азаматтық, әкімшілік, еңбек заңнамаларын, басқару негіздері мен жоспарлау, психология процестерін басқару, кадрларды басқару дағдыларына ие болуы тиіс.

Қазіргі таңда еліміздің қоғамы серпінді экономикалық және әлеуметтік дамуға бағытталған. Бұл дамудың маңызды факторы білім беру болып табылады, өйткені ХХІ ғасырда әрбір тұлға түрлі ғылымның салаларынан хабары болып, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру дағдыларына ие болуы керек. Осыған орай, болашақ қоғам жоғарғы оқу орындарындағы болашақ педагог мамандарын даярлау жүйесінің сапасына, оның қарқындылығы мен ұтқырлығына тікелей байланысты болады. Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарындағы білім сапасын арттыру мәселесі бүгінгі таңда тың мәселе, себебі заманауи тенденциялардың және сандық технологиялардың үздіксіз дамуы болашақ педагогтерді даярлауына барынша ықпал ету үстінде.

Біздің ойымызша, Кайдзен технологиясы білім беретін оқу ұйымдарының білімі мен бизнестің арасындағы алшақтықты жою үшін көпір құра алады және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға айтарлықтай үлес қоса алады. Кайдзен технологиясын барлық салаларда қолдануға болады, әсіресе оны білім беру процесін жетілдіру үшін қолдану қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://digitalkz.kz/ru/o-programme/>
2. Tam, M. (2001). Measuring quality and performance in higher education. *Quality in Higher Education*, 7(1), 47–54.
3. T. Fabrizio, D. Tapping: 5S for the Office: Organizing the Workplace to Eliminate Waste / Thomas Fabrizio, Don Tapping. - 1rd ed. - Productivity Press, 2006. - 192 p.
4. M. Imai, Gemba Kaizen: The way to reduce costs and improve quality: Per. from English. / Masaaki Imai. - 3rd ed. - Moscow: Alpina Business Books, 2007. - 345 p.
5. Liker J. Tao the Toyota.: 14 principles of management of the leading companies in the world: first. from English. / Jeffrey Liker. - 4th ed. - Moscow: Alpina Business Books, 2008. - 402p.
6. Langer T. Lean University. The Application of Lean thinking for Improving Processes in Higher Education Institutions: Evidence from three UK case studies / Tobias Langer. - Belfast: Queen's University Belfast, 2011. - 137 p
7. Balzer, WK Lean higher education: Increasing the value and performance of university processes / William K. Balzer. - New York: Productivity Press, 2010. - 292 p

ӘОЖ. 016. 02:004 (574)

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ONER ART STUDIO-НЫҢ «ЛАВКА ХУДОЖНИКА» ШАҒЫН ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕНІН ЖАСАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ерназар Сабина Аманжолқызы, Байғожанова Мөлдір Әлібиқызы

sabina_ernazar@mail.ru, mo87-04@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «6M011100-Информатика» мамандығының 2-курс магистранты, Қазақ Ұлттық өнер университеті, көркемсурет колледжінің ПЦК мұғалімі,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Д.С. Байғожанова

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі күні, әлемді жайлап отырған Covid-19 жұқпалы індетінің таралуына байланысты, күтпеген жерден өте үлкен, кезек күттірмей шешімін табуды қажет ететін көптеген күрделі мәселелер туындауда. Аталған мәселелерді шешу жолында білім беру саласы бойынша онлайн режимінде сабақ беруді жаппай енгізіп жатқаны белгілі, оқып та жатырмыз, ал біздің зерттеу жұмысымызда қоғамда күнделікті тұтынуға қажетті тұрмыстық заттар сатылатын дүкендерді автоматтандыру қажеттігінен туындаған мәселелерді қарастыру жолдары беріледі. Жоғарыда аталған маңызды мәселелерді шешуге септігін тигізер деген үмітпен, осы мақалада, біз электрондық сауданы онлайн режимінде, яғни қашықтан қалай жасауға болатындығы жөніндегі мәселелерді шешу жолдарын ұсынамыз.

Мақаланың өзектілігі. Үкіметіміздің жарлығы бойынша, халқымыздан «карантин» кезеңі, яғни қауіпті індеттің таралуы - қанша уақытқа созылатындығы белгісіз болғандықтан, қоғамымыздағы кез-келген салаларға қашықтан жұмыс жасауды игеру мәселелерін қолға алып, шұғыл түрде жүзеге асыруды талап етуде. Оның бірі білім беру саласы, яғни барлық ЖОО, кәсіби және орта оқу орындарының оқу үрдістерінің жаппай қашықтан оқытуға көшуі. Ал, өмірде өте қажетті сауда саласын да шұғыл қолға алмаса болмайды деген тұжырымнан: атап айтсақ, азық-түліктер, тұрмысқа күнделікті қажетті материалдарды сататын үлкен супермаркеттердің жабылуы, кез-келген адамға үлкен ой тудырады.

Қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру мақсатында, кез-келген сауда орталықтарының жұмыстарын қолдан келгенше аз уақыт мерзімінде цифрлық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, автоматтандыру қажеттілігі туындады. Сол себепті, біздің зерттеу жұмысымыз: үйде отырған өнер адамдарының, оның ішінде сурет, бейнелеу өнері саласында жұмыс жасайтын профессорлық-педагогтар құрамы, мұғалімдер, әр-түрлі деңгейде білім алып жатқан білімгерлерлер, тіпті сурет салумен айналысатын мектеп және балабақша жасындағы балаларға – сурет салуға арналған қажетті оқу құралдарды электрондық дүкендерден сатып алуға болатын мүмкіндіктер жасауға арналады. Міне осындай туындаған мәселелерді қалай шешуге болады? - деген оймен біз мақаламызды, өзіміздің зерттеп жүрген жұмысымызды жедел түрде күнделікті тұтытушыларға енгізудің қажеттілігін байқай отырып, көпшілік қауымға жариялағанды дұрыс деп есептедік.

Біздің өткен жылдан бастап, елімізде заман талабына сай, электрондық сауда жасауды игеру жөнінде қарастырып жатқан зерттеу жұмысымызды, биылғы жылғы жағдай одан әрі тереңдеп зерттеуді талап етуде, мұның өзі біздің *зерттеу жұмысымыздың өзекті* екендігінің дәлелі болып табылады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың бағытында: ««Рухани жаңғыру» аясында IT технологияларды қолданып электронды сауда жасауды ұйымдастыру мәселелері» және «Қазақстанда электрондық сауда жасауды ұйымдастырудың мазмұндық құрылымы» – деп аталатын тақырыптарында мақалалар жариялаған болатынбыз.

Аталған мақалаларға қысқаша тоқталып өтер болсақ, алғашқы мақаламызда қазіргі заманауи талаптарға сай компьютерлік техника мен технологиялардың мол мүмкіндіктерінің білім беру саласында қолданысқа енуінің бүгінгі күнгі маңызды да, өзекті мәселелердің бірі екендігі айтылады. Осындай өзекті мәселелерді шешу және оны жүзеге асыру мақсатында Елбасы «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бірқатар ірі жобалар ұсынған болатын. Онда қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті: ең бастысы *ұлттық код* пен *ұлттық мәдениетті сақтау* болды. Ендігі жерде өз зерттеулеріміздің негізгі арқауы ретінде *«Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру»* мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген сараптамаларға талдау жасалады [1]. Сонымен қатар, онда:

- Қазақстанда заманауи тұрғыдағы электрондық сауданы дамытудың қажеттіліктері теориялық және тәжірибелік тұрғыда негізделеді;
- электрондық сауда жасау жөніндегі негізгі ұғымдарға сипаттамалар беріледі;
- саудалық қызметтер» ұғымы терминін қолдану туралы ұсыныс құқықтық тұрғыда негізделеді;

- электрондық коммерцияны құқықтық реттеу саласында қолданылатын негізгі түсініктерге, атап айтар болсақ: «электрондық сауда», «электрондық мәміле», «электрондық құжат» және т.б. ұғымдар анықталып, олардың мазмұны ашылады [2].

Біздің зерттеу жұмысымыз электрондық сауданы заман талабына сай жетілдіру мен дамыту барысында ҚР-ның жарияланған жаңа заңнамаларына негізделіп жасалып отыр. Атап өтер болсақ, оның бірі 2018-жылдың 3-тамызында қабылданған «Электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеуін қоса алғанда, электрондық сауданы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» заңы [3].

Ендігі жерде жоғарыда аталып өткен «Қазақстанда электрондық сауда жасауды ұйымдастырудың мазмұндық құрылымы» – деп аталатын тақырыпта жарияланған мақалада:

- біздің зерттеу жұмысымыздың бағытында алыс және жақын шетелдерде және өзіміздің елімізде ІТ технологияларды пайдаланып жүргізілген ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына салыстырмалы талдаулар жасалады;

- зерттеу жұмысымызда қарастырылған ғылыми әдебиеттер мен интернет ресурстары жинақтастырылғаны айтылған;

- сонымен қатар, Қазақстанда ІТ технологиялардың мүмкіндіктерін қоладанып электрондық сауданың даму жағдайлары мен тағы да басқа бірқатар маңызды мағлұматтар қарастырылған [4].

Зерттеу жұмысымыз бағытындағы жасалған жұмыстарымызға қысқаша тоқталдық, ендігі жерде зерттеу жұмысымыздың қорытынды бөлімінде қарастырылатын шешуші жұмыстарымыз жайында баяндайық. Мұнда біз «Электрондық сауда жасауға арналған Oner art studio-ның «Лавка художника» шағын интернет-дүкенін жасауды ұйымдастыру жолдары» -деп аталатын мақаламызды жалғастырайық. Бұл жерде қазақша зерттеу жұмысында тәжірибе жүргізетін дүкеннің атау неге орысша қойылған? – деген сұрақтың туындауы заңды құбылыс болып есептеледі. «Лавка художника» - деп атауымыздың себебі, астанамызда өздеріңіз көріп жүргендей жалпы жастар түгілі, орта және егде жастағы азаматтарымыз бен азаматшаларымыз қазақша сөздің мағынасына түсінбейді. Сол себепті, жалпы халыққа түсінікті деп жасадық. Енді біз осы шағын суретшілерге арналған дүкеннен қалай электрондық сауда жасауға болатын жағдайлармен таныстырайық.

Интернет-дүкен құру шын мәнінде сайт құрумен бірдей болды. Сайт пен интернет-дүкеннің айырмашылығы тек прайс-парақтың болуы және тапсырысты жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Демек, интернет-дүкен құру, сайт құру сияқты ережелерге бағынады және соңғы нәтиже қандай болып шығатыны тек сайт әзірлеушіге байланысты.

Oner Art studio – өнер мектебіне жасап жатқан шағын интернет-дүкеніміз Wix.com платформасында жасалған. Бұл платформаға тоқталып кететін болсақ: Wix.com - drag-and-drop құралдарының көмегімен HTML5-те сайттар мен олардың мобильді нұсқаларын құрастыруға мүмкіндік беретін интернет-жобаларды құру және дамыту үшін Scala-да жазылған халықаралық бұлтты платформа.

Wix немесе басқа компаниялар әзірлеген бағдарламалар есебінен сайттардың функционалдығын кеңейтуге болады. Мысалы, элеуметтік желілердің плагиндерін, онлайн-сауда және электрондық таратуларға арналған құралдарды, байланыс түрлерін, блогтарды және т.б. қосуға мүмкіндіктер бар. Қызмет ағылшын, орыс, француз, неміс, итальян, испан, португал, поляк, жапон, корей және түрік тілдерінде қолжетімді болып отыр. Wix – Premium бизнес-моделі бойынша жұмыс істейді, сайттарды тегін құруға және оларды дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Premium тарифтері сайтқа өз доменін қосуға, Wix баннерлерін жоюға, онлайн-дүкенді қосуға, деректерді сақтау үшін қосымша орын алуға, жарнамаға арналған купондарды және тағы басқа да мүмкіндіктер береді. Бұл палтформа пайдалануға өте оңай әрі жеңіл.

2012-жылдың наурыз айында Wix – Adobe Flash-ті ауыстырған HTML5-те жаңа сайт редакторын іске қосты. Сонымен қатар, Flash редакторы қолдауды жалғастырды, бірақ, барлық жаңа пайдаланушылар HTML5-платформасына жіберілді. 2013-жылдың ақпан айында

Wix 25 миллион пайдаланушыны тартуға және 2012-жылы 60 миллион доллар табуға мүмкіндік беретін HTML5-ке сәтті көшу туралы мәлімдеді.

2013-жылдың тамыз айында 35 миллионнан астам адам сайттар құру үшін Wix пайдаланды. 2014-жылдың наурыз айындағы мәліметтер бойынша Wix абоненттерінің базасы 45 миллионнан астам адамды құрады. 2016 жылға қарай Wix пайдаланушыларының саны 85 миллион адамнан асты.

Бұл интернет дүкенді жасау үшін Мөлдір Әлібиқызының рұқсатымен өнер мектебіндегі шағын дүкенді көріп, сол дүкендегі бар тауарларды бағасы мен қоса жинақтадым. Ең бірінші WIX платформасында дайын шаблондар арқылы дизайн таңдадым. Қаласаңыз өзіңіз жасауға да болады. Келесі қажетті мәліметтерді енгіздім, яғни тауарлар қандай болады және кімдерге арналған тауарлар бар осы жайлы мәліметтер енгізілді. Бұдан кейін осы интернет дүкеніне www.lavkahudozhnik.info осы доменді сайтпен біріктірдім. Сайттың әрбір бетін жасауға HTML платформасындағы тегтер пайдаланылды.

Интернет-дүкен жұмыс жасауы үшін мына екі шарт орындалу керек: *Біріншіден*, пайдаланушы сайтқа кіріп, тапсырысты қалай төлей алады, жеткізу шарттары мен мерзімі және т. б. қандай нақты ақпарат алуы тиіс. *Екіншіден*, пайдаланушы үшін өзіне қажетті тауарды ыңғайлы және жылдам іздеу қажет, өйткені бәрі интернетке шектеусіз қол жеткізе алмайды.

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай, болашақ интернет-дүкеннің формасы толығымен сатылатын тауарға байланысты. Бұл жағдайда Интернет ақпаратты сатып алушыға жеткізу және оның тауар туралы ақпарат алу тәсілі ретінде қолданылады. Егер дүкен жасаушы оны дүкен бөлімшелері арасындағы ішкі ақпарат алмасу ортасы ретінде пайдалануды шешпесе, дүкеннің негізгі бөлігі ешқандай да интернетке қатысты емес болып шығады. Дүкеннің негізі осы каталогтағы сайтты жариялау жүйесі және тауарлары.

Интернет-дүкен WWW.Lavkahudozhnika.info арнайы суретшілерге, оқушыларға, студенттерге, балабақшада, орта және кәсіби мектептерде оқитын суретшілерге арналған тауарларды алуға және кеңсе тауарларын сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл сайт қазіргі біздің төтенше жағдай кезінде кеңсе тауарлары мен суретшілерге арналған тауарларды онлайн сатып алуға мүмкіндік береді.

Сайтты әзірлеу кезінде сатып алушылардың аудиториясына тауарларды жіктеу туралы қалыптасқан ұсыныстар ескерілді. Дүкен каталогында мынадай бөлімдер бар: "Басты бет", "Суретшілерге арналған тауарлар", "Оқушыларға арналған тауарлар", "Біз туралы", "Байланысу үшін" - бөлімдерінен тұрады.

Интернет-дүкенде сатып алу процесі үш кезеңнен тұрады: қажетті тауарды іздеу, оны себетке жіберу және тапсырысты рәсімдеу. Бұл үдерістердің барлығы дүкен сайтында орын алады, бірақ олар "тапсырысты жіберу" батырмасын басумен және сатып алушының тауарды себеткесалып және ол туралы деректердің дүкеннің менеджерлеріне түсуімен аяқталады.

Тауарды сатып алу үшін ең бірінші тауарды себетке саласыз, сатып алғыңыз келетін тауардың неше данасын сатып алатыныңызды белгілейсіз, сатып алушы өзінің аты-жөнін, электронды почтасын, мекен-жайын енгізуі керек және төлемді қалай жалғастыру керектігін енгізеді. Сонда сізге почтаңызға тапсырыстың нөмірі беріледі және жеткізіп беру қанша уақытта орындалатынын почтаңызға жіберіледі. Әлемдік желі (WWW - world wide web) ақпараттық төңкерісті жүзеге асырды. WWW-сайттар тұтынушыны кез-келген ақпаратты оңай әрі тез алуға мүмкіндігі бар.

Біздің ұсынып отырған мақаламыз келешекте, электрондық сауданы жасау мүмкіндіктеріне жол ашады. Сонымен қатар, бұл дүкеннен арнайы суретшілерге, оқушыларға, студенттерге, балабақшада, орта және кәсіби мектептерде оқитын суретшілерге арналған тауарларды алуға және кеңсе тауарларын сатып алуға ұсыныстар жасауымызға болады деп есептейміз. Осы дүкенмен жұмыс жасай отырып, үлкен дүкендермен электрондық сауда жасауды ұйымдастыруға болатынына көзімізді жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. <https://infourok.ru/bolashaa-badar-ruhani-zhairu-maalasi-turali>
2. Байсалов Ж.У., Байгожанова Д.С., Мубаракوف А.М., Байдильдинов Т.Ж. Thomson Reuters, Scopus, РИНЦ деректер қоры жӘБҒСБК ұсынған басылымдарда мақалалар жариялау әдістері. Ө.А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академияның 15 жылдығына арналған «Жаңартылған қоғамдағы ғылым мен білімнің даму перспективасы» атты ІҮ Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, 2018. 14-19 б.
3. ҚР заңдары. Электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеуін қоса алғанда, электрондық сауданы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 03.08.2018. №7 бұйрығымен. <https://tengrinews.kz/zakon/kaz/docs?ngr=V1500012689>.
4. Байгожанова Д.С., Ермекова Н.С., Ерназар С.А., Алдабергенова А.О. Халықаралық ғылыми журнал: Қазақстанның ғылымы мен өмірі/ Наука и жизнь Казахстана/ Science and life of Kazakhstan. -Алматы, №10, 2019.

ӘОЖ 378.147:004

ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ерланова Гульмира Жумағалиевна

gulmirka_78@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Ғылыми кеңесші-Серік Меруерт

Жоғары өнімді есептеулердің жоғары оқу орындарында қарастырылуы кең мүмкіндіктерге ие. Бұл осы бағыт бойынша білім беру ғана емес, сонымен бірге білім алушылар үшін іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуге де жол ашылады деп айтуға болады.

Мақаланың мақсаты - жоғары өнімді есептеулерді тиімді ұйымдастырудың әдістерін келтіріп, оның ұтымды нұсқасын оқу процесінде үлкен көлемді деректерді есептеуде қолдану жолы ретінде ұсыну.

Ең алдымен жоғары өнімді есептеулерді жете түсіну мен қажеттілігін анықтау мақсатында бұқаралық ақпарат көздерінде жиі беріліп жүрген әр салалар үшін мысалдарды беріп өтсек.

Көлік саласы бойынша Марк Миллердің (Ford Motor Company) айтуынша, көліктің бетонды қабырғаға соғылуының қажетті параметрлерін өлшеуге арналған апаттық сынақтарды жүргізу үшін Фордқа 10-нан 150-ге дейін жаңа прототиптер қажет болады. Ал оның жалпы құны 4-тен 60 млн доллар. Суперкомпьютерлердегі жоғары өнімді есептеулерді қолдану прототиптер санын үштен бірге азайтты [1].

Ауа райын болжау саласынан бір мысал. Күрделі есептеулердің бірі-климатты модельдеу мәселесі, яғни ауа райын болжау есебі. Климаттық есеп құрамына Жердің географиялық қабығында болатын процестер мен құбылыстарды сипаттайтын бірнеше блоктар мен ішкі жүйелер кіреді. Модельде энергияның берілуіне байланысты физикалық процестер сипатталады: атмосферада радиацияның берілуі, судың фазалық ауысуы, кинетикалық энергияның таралуы, бұлттың пайда болуы, конвекция және т.б. Ол модель үш өлшемді кеңістіктегі сызықты емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі болып табылады екен. Бұл теңдеулер жүйесін шешу климат жүйесі күйлерінің ансамблінің барлық негізгі сипаттамаларын қажетті уақыт аралығында алуға мүмкіндік береді. Осы мысалдардан кейін климат өзгерістерінен басқа жер сілкіністерін, цунамилерді және басқа да табиғи апаттарды болжау да өте күрделі математикалық есептерді шешуді қажет ететіндігін түсінеміз. Ал ғарышты зерттеу есептері мен ядролық реактивтерді сынау, жасау сияқты өте күрделі есептер де бар [2].